

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 432 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 506-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

11-тармақ мынадай мазмұндағы 13-5), 13-6), 13-7), 13-8), 13-9) және 13-10) тармақшаларымен толықтырылсын:

"13-5) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалааралық облысаралық (астана мен республикалық маңызы бар қаланы қоса алғанда) автомобиль тасымалдауларын ұйымдастырады, тиісті облыстардың (астана мен республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілген бағыттар бойынша қозғалыс кестесін келіседі;

13-6) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты халықаралық автомобиль тасымалдауларын ұйымдастырады, көрсетілген тасымалдаулардың бағыттары бойынша қозғалыс кестесін келіседі;

13-7) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты халықаралық және қалааралық облысаралық автомобиль тасымалдауларының бағыттар тізілімін жүргізеді;

13-8) өз құзыретінің шегінде автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;

13-9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

13-10) автомобиль көлігі саласындағы қоғамдық бірлестіктермен және заңды тұлғалардың қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы бірлестіктерімен мемлекеттің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК